

№1 (22) ҚАҢТАР 2018 ж.



ӨЗЕН

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

www.ozen.kz

www.facebook.com/OzenMunaiGaz/



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ЖАҢА ЖЫЛДА – ЖАҢА НЫСАН

— 2-бетте

«БАБА ТҮКТІ БОЗ ДАЛА»

— 3-бетте

МҰНАЙШЫ ҚЫЗДЫҢ МҰҢЫ

— 7-бетте



ӨНДІРІСТІ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ

ЖАҢА ЖЫЛДА – жаппай озық технологиялармен жабдықталған ЖАҢА НЫСАН

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында Мұнай өнеркәсібі құралдарын және технологиялық коммуникацияларды жөндеу басқармасы өндірістік базасының құрылысы бітіп, пайдалануға берілді.

Өндірістік нысанның салтанатты ашылу рәсіміне Маңғыстау облысының әкімі Ералы Тоғжанов арнайы келді. Нысанның символикалық кілтін мердігер «SM TRADE CONSTRUCTION» ЖШС бас директоры Алексей Докучаев МӨҚТЖБ директоры Нұрлан Көшкінбаевқа салтанатты түрде тапсырды. Жаңа нысанның лентасын «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Бекзат Абайылданов пен Қарамұрзаев қиды.

Басқарма 2013 жылы құрылды. Онда 5 цех және 2 учаске қызмет етті. Атап айтқанда, №1 Мұнай өндірісі құрылғыларын жөндеу, №2 механикалық-жөндеу, №3 механикалық-жөндеу, №4,5 мұнай өндірісі құрылғыларына қызмет көрсету цехтарымен қоса механикалық-энергетикалық, құрылыс және тұрмыстық жөндеу жұмыстарына қызмет көрсету учаскелері.

Штаттық кестеге сәйкес мұнда 327 адам жұмыс жасайды. Олардың 83-і инженер-техникалық қызметкерлер болса, 244-і жұмысшы мамандар.



ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВ – МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ:

«Елбасымыз күні кеше Қазақстан халқына жасаған кезекті Жолдауында мемлекетіміздің әлемдегі озық 30 елдің қатарына енуі үшін маңызды салалардың бәріне жаппай озық технологияларды енгізу қажет екендігін айтқан болатын. Өзенмұнайгаздықтардың Жаңа жылды жаңа технологиялармен жабдықталған жаңа нысанмен бастағаны - мұнайшылардың Елбасымызды сөзімен ғана емес, ісімен де қолдағаны деп түсінгеніміз жөн».

БОЛАТБАЙ ҚАРАМҰРЗАЕВ – АРДАГЕР-МҰНАЙШЫ: Біз қызмет еткен жылдар мен бүгінгі өндірістің ахуалын салыстыруға келмейді. Жер мен көктей. Заманауи технологиялармен жабдықталған жаңа нысандар жұмыстың өнімділігін арттырады. Техникалардың тілін меңгерген мамандар да жетерлік. Оларға жасалып отырған жағдай да қолайлы.

Басқарманың бүгінге дейін пайдаланған базасы 60-70 жылдары салынған, апаттық жағдайдағы ғимарат еді. 2013 жылы ғимаратқа тексеру жұмыстары жүргізіледі. Нәтижесінде базаның жарамдылық мерзімі аз деп танылады. Сондай-ақ қолданыстағы құрылғылардың да ескіргендігі анықталған. Сол себепті 2013 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығы Мұнай өнеркәсібі құралдарын және технологиялық коммуникацияларды жөндеу басқармасының жаңа өндірістік базасын салуға және құрылғыларды ауыстыруға шешім қабылдайды. Құрылыс жұмыстары 2014 жылы басталды. Күрделі 4 жылға жуық жүргізілген жұмыстар нәтижесінде басқарма қызметкерлері су жаңа өндірістік базаға қол жеткізді. 9 гектар аумақты алып жатқан база құрылысының жалпы құны - 6 765 358,21 мың теңгені құрайды. Оның ішінде құрылыс-монтаж жұмыстарына – 4 400 121,48 мың теңге, жобалау жұмыстарына – 313 378,82 мың теңге, техникалық құрылғыларға – 1 315 567,07 мың теңге жұмсалған.

Мұнай өнеркәсібі құралдарын және технологиялық коммуникацияларды жөндеу басқармасында жаңа база құрылысының аяқталуы кәсіпорын тарихындағы жетістіктердің бірі. Жаңа нысан заманауи станоктармен, киім ауыстыру бөлмелерімен, әкімшілік ғимаратымен қамтылған. Нысанның сыртқы бөлігінде іштегі ауаны алмастырып тұратын чиллерлік құрылғы мен жұмысқа қажетті ауа температурасымен қамтамасыз ететін компрессор орнатылған. Сондай-ақ шағын спорт алаңы да жұмысшыларға жасалған әлеуметтік жағдайдың бір парасын көрсетіп тұрғандай. Құрал-жабдықтардың 80 пайызы болгариялық. Сапасы өте жоғары. Толықтай жаңа құрылғылармен жабдықталған базаның іске қосылуымен мұнай өндірісіндегі жұмыс өнімділігі артады, жасалатын бұйымдардың сапасы жақсарады, әрі жабдықтардың жұмыс істеу аралығы ұзарады деп күтіліп отыр. Базада 3 цех және 2 телім жұмыс жасайды. Құрылғылар 100 пайыз жаңа, заманауи. Бұрын-соңды болмаған қондырғылардың мамандар тілін үйренуде.



№3 МГӨБ-те екі нысан ашылды

№3 Мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты №10 МГӨК-те әкімшілік-тұрмыстық кешен және №2 «в» блокты шоғырланған сораптар станциясында 15 орындық мәдени үйшік ашылып, мұнайшылар игілігіне берілді. Аталған нысандардың ашылуына бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров пен кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағанов қатысып, әріптестерінің қуаныштарына ортақтасып, құттықтау сөз сөйледі.

«Өздеріңіз жақсы білесіздер, 2009 жылы «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ директорлар кеңесінің шешімімен «Қоғам жұмыскерлерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту» бағдарлама қабылданған болатын. Осы бағдарлама аясында компаниямызда 125 нысан салынды. Үлкен көрсеткіш деп есептеймін. Қарапайым еңбекшінің әлеуметтік жағдайы үнемі басты назарда болуы тиіс. Өркениеттің көлігін өрге сүйреп, мәдениет арбасын алға тартып келе жатқан мұнайшыларға қолайлы еңбек жағдайын тудыру-біздің міндетіміз»- деді Мақсат Оңғарбайұлы.

Өз кезегінде №2 «б» блокты шоғырланған сораптар станциясының машинистері Алмаш Бейсенғалиева мен Рамила Аманжолова кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағановқа ерекше алғыс білдіре отырып, қазіргі заман талабына сай салынған нысанды таза ұстайтындықтарын айтты. Иә, ескінің кетіп, жаңаның келуі-өмір заңы.



«БАБА ТҮКТІ БОЗ ДАЛА»



Маңғыстаудың әр ақыны, Әбіш Кекілбаев Айтман деп ат қойған Светқали Нұржанның шығармашылығына арналған шаралар өтті. Қазақстанның төрт тарабынан ақын-жазушы, әнші өнерпаздар шайырдың шашбауын көтеріп келді. Олардың арасында қазақтың Иран Ғайыбы мен тарихшы Әнес Сарай да бар. 18 жылдан бері өткізіліп тұрған кеш халықтың сусаған рухын көтеріп, Ақтау қаласындағы алғаш көрерменін қабылдаған "Достық" үйінің залы халыққа лық толды. Кешке «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директорының тарнспорт және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров, Жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры Әділ Сүйебай бастаған бір топ қызметкер барды. Жыр бұлағынан қанып ішкен көптің ішінде мұнайшылардың болуы да заңдылық еді.

Қазақтың мыңдаған жыл тарихын түгендеген атақты тарихшы, Маңғыстаумен кіндігі байланған Әнес Сарай ақын інісінің шашбауын көтеріп алыстан келді. Онымен бірге келген қазақтың тағдырлы ақыны Иран Ғайып пен Гүлнәр Салықбай, Оңайгүл Тұржан, Жанат Әскербекқызы сияқты ақын қыздар жастармен кездесті. Әрқайсысы бір-бір абыз, сөйлегенде ауыздарындағы қара өлеңнен маржандар төгілді.

Алғаш есігін көрерменіне айқара ашқан «Достық» үйі адамға толып, сыймағаны тік тұрып өлең тыңдады. Бұл кештің ерекшелігі - құдіретті поэзияға арналғаны еді. 20 жылға жуық уақытта көрерменімен қауышып, көңіл бірлеген Айтман жұртына сәлемін жеткізді. Туғанынан бастап, балалығын қызыққа, жастығын жалынға бөлеп жырлап, ағалық шақтағы әдемі өлеңдерімен сусаған жан сарайларға сәуле төкті.

Биыл сексеннің сеңгіріне шыққан жазушы Әнес Сарай Айтман жүрегінің қазыналы кітап екенін айтты. Жуырда ғана жетпісін толтырған Иран Ғайып ақынның өңі бөлек өлеңдер жазатынын

тамсана жеткізе тұрып, «Адайдан шыққан Абай» деп сөзден «ат мінгізді».

Кеште көмейіне бұлбұл ұялаған әншілер Елена Әбдіхалықова, Гүлмира Сарина, Айгүл Қосановалар Айтманның әндерінен көпшілікке шашу шашты.

Шабьт фестивалінің лауреаты Гүлмира Сарина ақынның "Көкірегім көне кітап сұр тысты" өлеңінің сазын жазып, кеште тұсауын кесті.

Кештің өтуіне мұрындық болған облыс әкімі жүрекжарды тілегін айтты. Айтманның замандасы, әрі құрдасы Ералы Тоғжанов Светқали Нұржанға темір тұлпардың кілтін табыстады. Осынау рухани шараны өткізуге ұсыныс тастағанда адуынды ақынның қарсылық білдіргенін айта келе, Ералы Ұлықпанұлы: «Кеш саған керек болмас, бірақ мына халыққа керек», - деп ақынды көрерменімен жолықтырып отырғанын жеткізді.

Осы тұста кешке барып, жыр-дариядан қанып ішкен Мақсат Оңғарбайұлы «Қасиетті адам ғой» деп баға берсе, әрқашан өнегелі жерде төбе көрсететін Әділ Қосайұлы «Мұнайшының да, ақынның да сана биігінде тоғысар жері – рух үндестігі. Жырда рух бар. Кештен жүрегіне нұр құйылып, көзінде от ойнамай шыққан жан жоқ», - деп пікір білдірді.

Қазақтың Айтманы 55 жасқа толды. Бұл аз да, көп те емес. 13 томдық шығармалар жинағын баспаға дайындап жатқан шайырдың халқына әлі де берері көп болар деген сенімдеміз.



Ұжымдық шартқа қосымша келісім жасалды

2017 жылдың тамыз айында «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының, «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының жұмыскерлерінің және «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы қоғамдық бірлестігінің арасындағы 2017-2019 жылдарға арналған ұжымдық шарт қабылданған болатын. Ұжымдық шартта бірқатар оң өзгерістер болды. Тараптар мақұлдаған құжат 12 бөлімнен тұрды. Толықтырулар, негізінен, еңбекақы төлеу, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау, сонымен бірге әлеуметтік саладағы қатынастар жөнінде болды.

28 желтоқсан 2017 жылы компанияның қолданыстағы ұжымдық шартына кәсіподақ ұйымының ұсынысымен, сондай-ақ жұмыс беруші тарап барлық экономикалық сараптамаларды жүргізе отырып, қосымша келісім жасады.

«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров: Қолданыстағы ұжымдық шартта 3 топ мүгедектігі бар жұмысшылар мүгедектік тобына байланысты біржолғы төлемақы алатын еді, ал қосымша келісімде тобына қарамастан, мүгедектігі бар әрбір жұмыскер 30 айлық есептік көрсеткіш көлемінде біржолғы төлем алатын болды. Сонымен бірге, Ұжымдық шарттың 5 тарауында көрсетілген біржолғы төлемдер жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарнасын есепке алумен, ал 9 тараудағы біржолғы материалдық көмек сомалары жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарнасы ұсталғаннан соң көрсетілген», - деді.

Кәсіподақ ұйымының төрағасы Наурыз Сақтағанов: «Қолданыстағы ұжымдық шартта жұмысшыларға берілетін 3 сыйақы 40 АЕК болатын. Оған қоса жыл сайынғы еңбек демалысын алған қызметкерге 100 АЕК көлемінде материалдық көмек беріледі. ҚР заңнамасына сәйкес барлық табыс көзінен салықтар және зейнетақы төлемдері төленуі тиіс. Қосымша келісімде сол төлемдер қоса есептелініп отыр. Кәсіподақ ұйымының негізгі жұмысы да осы – ұжымдық шартты бақылап отыру. Сондықтан ұсыныс жасадық. Енді жыл басынан осы өзгерістермен жұмыс жасалатын болады», - деп пікір білдірді.



Жүздерің жарқын болсын, азаматтар!

Мынау жалт-жұлт еткен дүниені баянды деп те, байыпты деп те айтуға болмайды. Қайғысы мен қуанышы қатар жарысқан бұл пәнидің пендеге ұсынар өз сынағы бар. Оның ең бастысы адам басына түскен ауыр қаза - жақын туысыңнан айырылу. Біздің отбасымыз да осындай ауыр кезеңді бастан кешті. Ұлымыз Мұрат мезгілсіз келген қазадан көз жұмды. Ол көп жыл «Өзенмұнайгазға» қарасты №3 МГӨБ мекемесінде абыройлы еңбек етті. Өзіме және отбасыма қиын соққан осы қайғылы күндерде «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылары мен ұлым жұмыс жасаған ұжым қызметкерлері тайлы-тұяғымен қалмай келіп, қайғыма ортақтасып, көңіл айтып, артының қайыр беруді сұрап, қасымнан табылуы, моральдық, қолдау білдіруі басқа түскен қайғымызды жеңілдетті.

«Адамның күні адаммен» дейді дана халқымыз. Бойларында адамгершілік, кісілік қасиеттері мол, оның үстіне қанында тектілігі, бауырмалдылығы бар, өзім елу жылға жуық жазып, насихаттап келе жатқан мұнайшы азаматтарға өзімнің және отбасымның атынан рахмет айтуды па- рыз санадым. Қайғыма ортақтасып, келешек жақсы күндердің келеріне сендіргендерің үшін, ақжарқын, ақ пейілді көңілдерің үшін сіздерге рахмет. Жүздерің жарқын болсын, мұнайшы азаматтар!

Закария ИСАҒҰЛОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі,
Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы.



Зардап шеккендерге көмек көрсетілді

«Өзенмұнайгаз» АҚ Жаңаөзенде тепловоз бен Газель автокөлігінің апатынан зардап шеккен азаматтардың отбасына қаржылай көмек көрсетті.

Қашанда қайырымдылық шараларынан қалыс қалмаған компания қызметкерлері жыл басында тағы да қамыққандарға қол ұштарын созды. Компания жұмысшыларынан барлығы 10 млн. теңгеден астам қаржы жиналған. Жағдайға бей-жай қарамаған әр қызметкер сауаптан жазсын деп аянып қалмады. Соның арқасында жарақат алғандарға 100 мың теңгеден, ал адамдары о дүниелік болған отбасыларға 200 мың теңгеден берді. Ауыр жарақат алған азаматтарға 250 мың теңгеден көмек көрсетті. Ал аса ауыр халдегі Динара Тынымбаева мен Бекарыс Досжановқа 2 млн. 384 мың теңгеден үлестірілген.

Қала құраушы компания қызметкерлерінің осындай жанашырлықтары мен белсенділіктеріне апаттан зардап шеккен отбасылар разылық білдірді.

Біздің қауіпсіздікке бағытталған ЖОЛЫМЫЗ



Құрметті әріптестер!

Жаңа еңбек жылын бастай отырып, «Қазмұнайгаз» компания тобының /бұдан әрі ҚМГ/ әрбір жұмыскері қауіпсіздік пен сенімділіктің неғұрлым жоғары деңгейіне жету үшін жұмыс орындарындағы апатты оқиғалар мен жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін өзінің еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғауды жетілдіру үшін қосқан үлесін бағалау қажет.

ҚазМұнайГаз компаниясы жұмыскерлерінің жеке мердігерлік ұйымдарының қауіпсіздігі мен денсаулығын жақсартуға, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтардың әл-ауқатына ұмтылу ҚазМұнайГаздың бизнестегі ұзақ мерзімді табыстылығының негізі болып табылады.

Біз өзіміздің негізгі құндылықтарымызға ортақтасқан ҚазМұнайГаздың барлық жұмысшыларын қатыстыра отырып, еңбек қауіпсіздігі мен денсаулық мәдениетін дамытуға, сондай-ақ мінсіздік пен жетістіктерге ұмтыламыз. Бұл мақсаттарға жету үшін бізге сіздердің жеке мүдделіңіз бен қолдауларыңыз қажет.

Қауіпсіздік және денсаулық мәдениеті әрқашан көшбасшылықтан басталады. Көшбасшылар басқа жұмыскерлерге өз кезегінде мәдениеттің мінез-құлық үлгісін көрсетеді. Көшбасшылар сонымен қатар талаптар белгілеп, құрылым жасап, басқаларды оқытып мәдениетке әсер етіп, нәтижеге жеке жауапкершілікпен қарайды. Мұндай қауіпсіздік мәдениеті ҚазМұнайГаздағы басқарудың әрбір деңгейінің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Ол үнемі нығайтып, жетілдірілуі керек, қауіпсіздік және денсаулық сақтау мәселелері басқа басымдықтарға қарағанда жоғары болуы тиіс.

Біздің басты мақсатымыз – ҚазМұнайГаз бен мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлерінің күн сайын үйлеріне аман-есен қайтуы үшін жағдай жасау. Біз әрқашан ЗИЯНСЫЗ ЖҰМЫСҚА қол жеткізу үшін еңбектенеміз.

Қауіпсіздік мінез-құлық мәдениетінің тұжырымдамасы жұмыскердің нормативтік талаптарын сақтаумен қатар, жұмыстың қауіпсіз орындалуы үшін өз жауапкершілігін мойындауды қамтиды.

Біздің қазіргі кезеңдегі міндетіміз ресми қауіпсіздік процедураларын сақтауды ғана емес, сонымен қатар ҚазМұнайГаздың ірі жұмыскерін оларды жетілдіруге шабыттандыру болып табылады.

Сондықтан қауіпсіздікті және еңбекті қорғау мәселелеріндегі көшбасшылық тек қана жоғары және орта буын басшыларынан ғана емес, сондай-ақ барлық қолжетімді байланыс құралдарын пайдаланып, ҚазМұнайГаз қызметкерлері мен мердігерлік ұйымдарынан бастау алуы тиіс.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәдениетін дамыту, үздіксіз жетілдіруге бағытталған шексіз ұзақ үдеріс. Қауіпсіздік мәселесінде тым асыра менмендік пен өз-өзіне сенушілікке жол жоқ. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау үдерістерін үнемі жетілдіру жұмысшыларға қойылған мақсаттарына жету үшін барлығын жасауға мүмкіндік беретін тәртіпке дағдыландырады және зейінді арттырады.

Әрине, әлемдегі ешқандай мұнай-газ компаниясы, оның ішінде ҚазМұнайГаз да осы салада толық табысқа қол жеткіздік деп айта алмайды.

Осы мүмкіндікті пайдаланып, мен барлық жұмыскерлерге өз ісіне берілгендігі, тұрақты және тиімді компания – ҚазМұнайГаз болашағына баға жетпес үлес қосқаны үшін алғыс айтамын, сондай-ақ Сізге және Сіздің отбасыларыңызға қауіпсіз жұмыс және 2018 жылда сәттілік тілеймін.

Құрметпен, Сауат МЫҚБАЕВ,
«ҚазМұнайГаз»ҰК» АҚ басқарма төрағасы.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» ТЫНЫСЫ

2017 жылдың соңғы күндерінде «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы өлкедегі БАҚ өкілдерін жинап, өндіріс орындарына баспасөз турын өткізді. Мұрат Жетекбай, Талант Құсайын бастап келген облыс журналистерімен қатар «Қарақия» газетінің редакторы, «Маңғыстау» телеарнасының өкілдері, жергілікті «Жаңаөзен» газетінің редакторы Г.Бөлекбаева, тілшісі А.Насырова мекемеге қарасты мұнай басқармаларында болып, ондағы жаңа құрылыс нысандарымен танысты. Сондай-ақ компания басшылығы 2017 жылы атқарған жұмыстары бойынша ақпараттар беріп, алдағы жоспарларымен бөлісті. Жұртшылықпен байланыс департаменті ұйымдастырған турда ақпарат қызметкерлеріне бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров жол көрсетіп, сұрақтарына жауап берді.

ЖҰМЫСШЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ НАЗАРДА

Мақсатты шара №2 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасындағы тұрмыстық-шаруашылық кешеннің құрылысымен танысудан басталды. 350 орындық кешеннің аумағы 406 шаршы метрді құрайды. Құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан мердігер компания «Лан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. 2018 жылы құрылысы аяқталып, пайдалануға берілетін тұрмыстық-шаруашылық кешен киім ауыстыру, жуыну кабиналары және тынығу бөлмелерімен жабдықталмақ.

Нысан басында журналистерге сұхбат берген Мақсат Оңғарбайұлы: «2009 жылы мұнайшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында үлкен бағдарлама жасақталған болатын. Осы бағдарлама аясында сол жылдардан бері 100-ден астам нысандар салынды. Жалпы кәсіпорынға қарасты 16 басқарма болса, олардың 5-еуі негізгі де, қалғандары қосалқы мекемелер. Негізгі деп отырғанымыз 4 мұнай газ өндіру басқармасы және МДЖӨҚБ - мұнай тасымалдайтын мекеме. Одан бөлек арнайы техника, автоматика, химияландыру, жабдықтарды жөндеу, электрмен қамтамасыз ету, транспорттық қызмет көрсету мекемелеріміз бар. Осы аталған басқармаларда мұндай жағдайлар бүгінде түгелдей дерлік жасалған. Алдағы уақытта да жоспар бойынша құрылыс жұмыстары жүргізіле береді», – деді.

«Мұның барлығы жұмысшыларға қолайлы еңбек жағдайын қалыптастыру үшін жасалып жатқан дүниелер. Жұмысшылар таңертең келгенде қыста жылы жерде, жазда салқын жерде киініп- шешініп, демалсын деген мақсатпен құрылысы басталған нысан. Мұнда тұрмыстық қажеттіліктерінің бәрі болады. Осы қарқынмен жұмыстар жүргізілсе, кешен 2018 жылдың қаңтар айының соңында қолданысқа беріледі», – деді №2 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасының басшысы Наурыз Рахметов.

Аталған нысаннан бөлек 2017 жылы №1 мұнай газ өндіру басқармасының өндірістік қызмет көрсету базасында 70 орындық тұрмыстық-шаруашылық кешен пайдалануға берілген болатын.

ЖАҢА НЫСАН – ІЛГЕРІЛЕУ БЕЙНЕСІ

Пресс-тур мұнай өнеркәсібі құралдарын және технологиялық коммуникацияларды жөндеу басқармасында жалғасты. Мұнда мекеменің таяуда ғана қолданысқа берілген жаңа базасын көрдік. Су жаңа нысанның әкімшілік ғимаратын аралап көргеннен соң, цехтар орналасқан төменгі қабатына түстік. Ондағы құрал-жабдықтардың барлығы заманауи, еуропадан әкелінген. Сандық бағдарламамен басқарылатын неміс станогының жұмыс істеу барысымен таныстырған темір жолу, кесу және өңдеу цехының басшысы Дүйсенбай Ыстыбай толықтай автоматтандырылған құрылғының жұмыс өнімділігі ескі станокпен салыстырғанда 5-6 есеге артық екенін айтады.

«Құрылыс жұмыстары 2014 жылы басталған болатын. Бүгін міне, толықтай бітіп, жаңа орында қызметімізге кірісіп те кеттік. Бұл көргендеріңіз металл өңдеу цехы. Мұнан өзге тағы №2, №4 МГӨБ территориясында 5-ші цехымыз бар. Ол да толықтай жаңартылып, іске қосылды», – деді журналистерге базаны таныстырған МӨҚЖТҚБ-ның басшысы Нұрлан Көшкімбаев.

МӨҚЖТҚБ-ның кәсіподақ төрағасы Мұхтар Есенмұратов: «Жаңа ғимаратқа көшіп қуанып жатырмыз. Өздеріңіз көргендей, мұнда жұмысшы үшін барлық қолайлы жағдай жасалған. Киініп-шешінетін орын, ыстық-суық сумен қамтылған жуыну кабиналары орнатылған. Кешен заманауи стандарттарға сай салынған. Ең бастысы, жұмысшыларымыз риза. «Өзенмұнайгаз» АҚ басшыларына қызметкерлеріміздің атынан үлкен алғысымызды білдіреміз», – деді.

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ ЖАҚСЫ

Компания басшылығы тарапынан журналистерге жол нұсқап шыққан Мақсат Ибағаров тілшілерді өндіріс орындарымен таныстырып, әрқайсысына қатысты егжей-тегжейлі ақпарат беріп, қойылған сұрақтарға жауап беріп отырды. «Өзенмұнайгаз» АҚ тарапынан жөнделген жолдар жөнінде де айта кетті.

«2014 жылдан бері облыстық әкімдікпен келісіп, жол салу жұмыстарымен айналысып келеміз. Өндірістік бағдарлама аясында Өзен, Қарамындыбас кәсіпорындарындағы кәсіпшілік ішіндегі жолдарды жаңарту жұмыстары әлі де жалғасып жатыр. Биыл №1 мұнай газ өндіру басқармасының аумағында 1,6 км, №3 мұнай газ өндіру басқармасының аумағында аумағында 600 метр, №4 мұнай газ өндіру басқармасының аумағында 2,5 шақырым, бұлардан өзге нысандарда да жолдар салынып, барлығы 7 км жол пайдалануға берілді. Жыл сайын орта есеппен 20-25 шақырым жол саламыз. Бұл жұмыстардың барлығын «Кен-Құрылыс-Сервис» серіктестігі атқарады», – деді Мақсат Ибағаров.

Жол бойы мұнан өзге мұнайдың қоры, барлау-зерттеу, мекемеде жүргізіліп жатқан жаңарту жұмыстары да сөз болды. «5 жылдық жоспар бойынша 640-тан астам техника алуымыз керек. Былтыр 56-сын алсақ, биыл жыл басынан бері 137 техника сатып алынып, пайдалануға берілді. Бұл дегеніңіз 4 миллиардқа жуық қаржы. Келер жылы 127-сін сатып алмақпыз» деп алдағы жоспарларымен де бөлісті.



КОМПАНИЯ АХУАЛЫНАН АҚПАР: ПРЕСС-ТУРДЫҢ МАҢЫЗЫ

КЕЛЕСІ АЯЛДАМА – ҚҰБЫРЛАРДЫ ЖУУ ВАННАСЫ

Жерасты жабдықтарын диагностикалау және жөндеу цехы – өндіріске қызмет көрсетіп отырған бірден-бір орталық. Журналистердің сан сауалын туғызған келесі аялдама осы жер болды. Мұндағы тұрбалар мен шыбықтарды жуып, өндіріске жөнелту бойынша басқарма басшысы Нұрболат Қарабаев ақпарат берді. Ол: «Мекеменің жұмыс істегеніне 5 жыл болды. Жағымды жаңалықтарымыз жетерлік. Жақын арада жерасты жабдықтарын парафиннен тазарту және жөндеуге дайындау бөлімшесі пайдалануға берілсе, тамыз айында - жуу ваннасы іске қосылып отыр. Орталықта жылыту қондырғысымен қамтылған 4 ванна бар. Өр ваннада 40 минутта 70 құбыр жуылып шығады. Тәулігіне бұл жерден 1200-дей сораптық компрессорлық құбыр жуылып-шайылып, өндіріске жіберіледі. Сонымен қатар күніне 1000-ға тарта сораптық шыбықтар жуылады», - деді.

Өндірістік құбырларды жуу ваннасы 2017 жылдың тамыз айында іске қосылған екен. Тәулігіне 2400 дана сораптық-компрессорлық құбыр, 2100 дана сораптық шыбық, 50 дана тереңдік сорап жуылатын нысанның жалпы аумағы 2630 шаршы шақырым.

Жолбасшымыз Мақсат Ибағаров тур соңында «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның Өзен өндірісін игеру мен экономикалық тиімділігін арттыру мақсатында жасақталған даму стратегиясы туралы айтты. Концепция әртүрлі бағыт бойынша бөлек-бөлек тармақтардан тұрады. Алдағы уақытта кәсіпорынның келесі қадамдары жылдарға бөлініп осы стратегия аясында жүзеге аспақ. Онда өндірісті жақсарту үшін химия пайдалану, автоматтандыруды бір жүйелендіру, батыстық стандарттарға жауап беру, жабдықтарды жаңарту, экономикалық тиімділікті арттыру, жылдық мұнай жоспарын еселеу сияқты бірқатар маңызды мәселелер қарастырылған.

Сонымен ел экономикасына сүбелі үлес қосып отырған Жаңаөзендегі қара алтын өндірісінің ошағы – «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамымен бірге жылды қорытындылап, кенорынның бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысып, жыл бойы атқарған жұмыстарына куә болған пресс-турдың қатысушылары компанияның алдағы жоспарларына тілеуестік білдірді. Гүлназ Бөлекбаева - «Жаңаөзен» газетінің бас редакторы: «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы жыл сайын БАҚ өкілдерін жинап, осындай тур өткізеді. Бұл дегеніңіз көрсетері бар, кемеліне келген кәсіпорынның атқаратын шарасы. Бүгін 2017 жылы жасалған қыруар жұмыстың, атап айтсақ, өндірісті модернизациялау бағытындағы, инфрақұрылым, әлеуметтік жағдайды жақсартудағы атқарылған жұмыстарға куә болдық», - дейді. Ал компания басшылығы кәсіпорынның тыныс-тіршілігін, жағымды жаңалықтарын ақпараттандыруда ерінбей еңбек етіп келе жатқан БАҚ саласы қызметкерлеріне разылықтарын білдіріп, «Алғыс хат» пен сертификаттар табыс етті.





Мұрат Ақынның «Ақылды тербелмелі қондырғысы»

немесе мен «ИСК-16» атты ЖОБАМДЫ ҚАЛАЙ ЖАСАДЫМ?

«Ақылды» ой қайған келгі?

Бұл жобаның тарихы сонау 2010 жылдардан басталады. Ол кезде мен №1 Мұнай-газ өндіру басқармасының №8 мұнай-газ өндіру кәсіпшілігіне қарасты №8 топтық қондырғыда мұнай-газ операторы қызметін атқарып жүрдім.

Өндірістегі адамдар жақсы біледі: топтық қондырғы операторлары күніне 5-8 шақырым жаяу жүреді. Менің де сол күнделікті жұмысым тербелмелі қондырғыларды жаяу бақылау(обход) болатын. Сол аралықта жиі кездесетін ақаулардың бірі – тербелмелі қондырғының (станок качалка) өндірістік жалпақ тілмен айтқанда «палец» деп аталатын бөлшегі жиі істен шығатыны. Бастапқы кезде оның істен шыға бастағанын анықтау оңай емес. Ол асқан қырағылықты талап етеді. Дер кезінде тоқтатылмаған ақаулық тербелмелі қондырғының құлауына әкеліп соғады. Нәтижесінде тербелмелі қондырғының балансир басы мен балансирін, шатуны мен «палецін», тіпті кейде қозғалтқышты да ауыстыруға тура келеді.

Аталған жұмыстардың материалдық шығындары, осы жұмысқа жұмылдырған техникалар мен жұмысшылар күшін есептегенде қыруар қаржыны талап етеді. Сондай-ақ бос тұруы салдарынан мұнай өнімділігінің азаю фактісі бар.

Туындының тиімділігі

2013 жылы жоғарыда айтылған олқылықтарды жою мақсатында «ИСК-16» жобасын қолға алдым. ИСК-16 құрылғысының мақсаты – «палец» істен шыға бастаған жағдайда дер кезінде тербелмелі қондырғыны тоқтатып, диспетчерге смс хабарлама жіберіп отырады. Бар болғаны – осы. Яғни ең бастысы, топтық қондырғы операторы, жөндеушілеріне тиімді. Істен шыға бастаған «палецті» жылдам іске қосып жіберуге мүмкіндік береді.

Тілдің ішкі есебі

- ИСК-16 құрылғысы 1 тербелмелі қондырғыға – 30 мың теңгені құрайды;
- Тербелмелі қондырғыларды жөндеуге жұмыссалатын қаражатты 26 млн. 670 мың теңгеден 2 млн. 603 мың теңгеге азайтуға болады;
- Бос тұру көлемін 384 сағаттан 192 сағатқа азайтуға болады, сәйкесінше бос тұру салдарынан жоғалтатын мұнай көлемін 16 мың 896 тоннадан 844 тоннаға азайтуға болады.

Жобаның «жеткен жері»

Бұл жобам 2016 жылы «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ бойынша жүлделі 2-ші орынға ие болды. Былтыр қарашада Компанияның Инновациялық-технологиялық даму қызметіндегі Жұмабек Қосанов, Қайнар Төлеғұсовтардың қолдауымен «ИСК-16» қондырғысы №1 Мұнай-газ өндіру басқармасы №2 мұнай-газ өндіру кәсіпшілігіндегі №88 топтық қондырғыға қарасты №1638-тербелмелі қондырғыға өндірістік тәжірибелік сынақ ретінде орнатылды. Қазіргі таңға дейін құрылғыда ақау болған жоқ. Егер ақау пайда болған жағдайда «ИСК-16» құрылғысы тербелмелі қондырғының жұмысын тоқтатып, МГӨК-ке қарасты диспетчерге, механикке, ТҚ шеберіне хабарлама жіберіп отыруы керек.

Өндірістік тәжірибелік сынақ сәтті шықса, құрылғыны патенттеуге жұмыстанамыз деп ойлаймын.

Маған не берді?

Мұндай жобалар бізге қажет пе? Ой еңбегінің иесіне не береді? Біріншіден, бұл компанияның имиджін көтереді. Екіншіден, маманның кәсіби өсуіне септігін тигізеді. Оған дәлел - мен 2014 жылы инновациялық жоба қорғағаным үшін компания басшылығы Ресейдегі И.М.Губкин атындағы «Ресей мемлекеттік мұнай және газ» институтына MBA бағдарламасы бойынша оқуға жолдама берді. 2015 жылы аталған оқу орнын бітірдім. Соның арқасында қызметте де сатылап көтеріліп келе жатырмын.

Түйін

Жас әріптестерім, инновациялық-рационализаторлық жобаларыңыз болса, «Жас мамандар кеңесі» ұйымына келіп көрсетіңіз. Бізбен байланысып, тың дүниені бірге жүзеге асырыңыз. Компанияның жарқын болашағы үшін жұмыла жұмыс жасайық!



Ол екінші дүниежүзілік соғысы жүріп жатқан кезде нағыз қақаған қыста дүние есігін ашты. Жылдар өте балдай тәтті балалық шақ көзден таса, көңілден жырақ болды. Ес жиып, етек жапқан кезде бірде аш, бірде тоқ жүрсе де көңіл көтеріңкі, көкірек үміт пен сенімге толы болатын.

Тықаж туралы әңгіме

Еңбек жолын бозбала бастауыш класс оқытушысы болып бастады. 1961 жылы әскерге аттанып, Отан алдындағы борышын өтеп қайтты. Маңғыстау деп аталатын маңғаз өлкеде жарты ғасыр бұрын мешеу даланың жым-жырттығын шайқап жіберген мұнай бұрқағының атқылауы –Тықанды мұнай саласына апарды. Ел еңсесі тіктеле бастады.Қатықсыз көже ішкен жылдар артта қалды. Ашыққан қарын тойынды. Еңбекқор жанның наны жүріп, бағы өрге домалады. Елгезек, жұмысқа тиянақты, көпшіл азамат қай жұмысты да абыройлы атқара жүріп, ұжымға сыйлы бола білді.

«Өзенмұнайгаз» өндірістік филиалында Компанияда Тықаң атқармаған жұмыс кемде кем шығар, сірә! Ол мамандар бөлімінің бастығы да болды. Ғылыми зертхана бастығы да болды. Экономист де болды. Бас бухгалтер де болды. Бұрғылау жұмыстары басқармасында кадр бөлімінің басшысы және кәсіподақ төрағасы, Жаңаөзен қалалық атқару комитетінің төрағасының орынбасары, тіпті кей жылдары тігін фабрикасының директоры да болды. Тықанның өмірінде атқарған қызметтерін санамалап шығу мүмкін емес. Зейнеткерлікке шыққан ол бүгінде Нәсіпқали Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының координаторы жұмысында жүр.

Өрине, Тықанның компанияға сіңірген адал еңбегі еленбей қалған жоқ. Ол «Құрмет белгісі» орденімен, «В.И.Лениннің туылғанына 100 жыл», «ҰОС 20 жылдығы» медалдерімен марапатталды. Елбасының алғыс хатына да ие болды. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Нұр Отан» партиясынан алған алғыс және құрмет грамоталарының есебі жоқ...

«Зейнеткерлікке шыққасын армансыз демалатын шығармын деп ойлағанмын, сөйтсем оңбай қателескем екен. Тірі пенденің майда-шүйде шаруасы таусылған ба?!» – дейді бүгінде зейнеткерлікте жатқан ақсақал.

Біреуге ерте, біреуге кеш келетін ажал-құдірет барды бар деп, жоқты жоқ деп алалап көріп пе еді... Жақында Тықаң жарты ғасырдан астам уақыт отасқан бөйбішесінен айырылып қалды. «Қайғы келсе-қарсы тұр...» – деп Абай айтпақшы, қайғыға қарсы тұрды. Тірі жанның тіршілік жасауы-мұсылмандық дәстүр ғой. Ол да сабырға келіп, Алла өміріне көнді. «Қатын-үйдің алтын діңгегі» деп бабалар бекер айтты деймісің. Жарықтық осы жылдар ішінде отағасының бетіне жел болып келмеген еді...

«Адам бірге жүргенде бір-бірінің қадірін біле бермейді екен. Қатын қашанда отбасының ырысы екен ғой...»-дейді мұнайшы аға. Қазаққа «адам ұрпағымен мың жасайды» деген жақсы сөз бар. Алпаға шүкір бүгінде Тықаң ұлы Бекжаннан Темірлан, Ақбаян, Айшолпан, Айсәуле, Нәсіпқали атты немерелер сүйіп отырған бақытты ата. Баласы нарық заманына бейімделіп кәсіпкерлікпен айналысып жүрсе, келіні Гүлшат «Өзенмұнайгаз» АҚ-да Қазынашылық департаментінде абыройлы жұмыс жасап жүр.

Адам баласы жасы ұлғайған сайын босайтын көрінеді. Бүгінде Тықаң немерелерінің жолына жүрегін төсеуге дайын.Ойлап қараса, өмір шіркін поездай зулап өтіп барады. Күнді күн, айды ай қуалап... көктемді жаз, жазды күз алмастырады. Не десек те «ұшқаны білінбейтін ұшқыр заманда» (Шәкәрім) өмір сүріп жатқанымыз рас.

Адамға егделікпен бірге естілік те келеді екен. Бүгінде мерейлі 75 жасқа шығып, еңбегінің жемісін, бейнетінің зейнетін көріп отырған Тыныштық жер басып, көкайдын аспан астында туған жерді аралап, әйтеуір, тірі жүрудің өзі бақыт екендігін жақсы түсінеді.

Тоқшылықта тасымаған, жоқшылықта жасымаған ол «Адамға мал мен мансап өмірлік жолдас болмайды екен. Жалғанда жұрттың көзіне қарай алатындай жүзің жарқын, бетің ашық болғанға не жетсін! Ең бастысы-жарық дүниеге келіп, сүйініп, күйініп, сүрініп, тұрып, күліп, жылап, шалқып, қамығып...өмір сүрдім. Адам болып келген өмірден адам болып өтсем арман не?» – деп ой түйеді.



ОЙ ТҮРТКІ

Мұнайшы қыздың МҰҢЫ

(әңгіме)

Катып ұйықтап қалған екен, сағаттың шырылынан шошып оянды. Сағат – таңғы алты. Жұмысқа апаратын автобус жұмысшылар автобекетінен сағат жетіде қозғалады. Аққұбаш жылы көрпеден шығуға ерініп, бес минуттай жатты. Далада ызыңдаған желдің даусы естіледі. Жел екеш желдің өзі де «Жылы төсектен шықпағанда, қайда барасың? Сораптарың сені күтіп тұр емес пе?»-деп мұны мазақтайтындай. Желге құлақ түріп жатып, «құдай ақы, көдімгі адамша тіл қатып тұр», -деп ойлады Аққұбаш. Сағат тілі бүгін күндегіден жүрдек болып кеткендей. Зырылдап, тілі жетіге қарай кетіп барады. «Қой, тұрмасам болмас», -деп Аққұбаш орнынан өріне тұрды. Сүт сұрап мияулаған мысығының үні құлағына келді. Неге екені белгісіз мысықтың тынбай мияулауы онсыз да жүндей түтіліп тұрған жүйкеге соққы болып тиді. Қолына оқтау алып, мысықты ұрғысы келіп тұрды да, ашуын сабырға жеңдірді. Жуынып болған соң, бұрынғыдай айна алдына кідірмей, ас үйге қарай өтті. «Шай ішсем бе, әлде...» деп ойланып тұрды да, шай сораптап отыруға уақыт жоқ екені есіне түсіп, бөлмесіне кіріп тез-тез киіне бастады. Сағатқа қарамаса да, кететін уақытының болғанын іштей жобалап тұр.

«Қой болмас», -деп өз-өзіне сөйлеп жүріп мысығының ыдысына сүт құйды. «Тез шығып, таксиге отыру керек» деді ішінен... Өзіне-өзі сөйлемегенде Аққұбаш енді кімге сөйлесін?! «Көк етікті менсінбей, көн етікті кездеспей» жүргенде уақыт сынаптай сырғып өте беріпті. Сөз салған жігіттердің біреуін ұзын деді, біреуін арық деді, біреуін бәдік деді, қойшы әйтеуір, адам баласы ұнамады. Енді отырысы мынау! Қаланың бір бөлмелі үйінде бір мысықпен тұрып жатыр... Соңғы кезде айнаға жиі қарамауға тырысады. Қараса, әдемі бетіне әжім үйір бола бастағанын көреді. Содан көңілі бұзылады. Қараптан-қарап ботадай боздап, жылағысы келетінін қайтерсің?! Қап-қара шашына ақ түсті. Уақыт деген жеңдет, адам баласының көңіліне қарамайды екен. Енді не дейсің, Мұқағали айтпақшы: «Солай да солай қарағым, отыздан асып барамын» дегенді жайына қалдырып, бұл қырықтан асып бара жатқан жоқ па? Сатирик ағаның сөзімен айтқанда «қылшылдаған жас та емес, қалшылдаған қарт та емес, балық та емес, ет те емес». Аққұбаш қараптан-қарап жылағысы келді. «Бұным не, таң атпай жаман ырым бастап» деп өзін қайраттандырмақшы болған... Алайда сүттей іріген көңіл күйі келеге келетін емес. «Әбден нәрвім тозған», - деді ол өзіне-өзі диагноз қойып.

Жылы киініп далаға шыққан бойы сау болғыр такси тоқтай қойды. Шопыр бірнәрсе айтып күлгісі келе ме, әлде күлдіргісі келе ме, қаралай шаршап келе жатқан мұны мазақтағандай магнитофонының даусын қаттырақ шығара ма... әйтеуір ойына келгенін істеді. «Қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарса» деген осы. Сен кіріптар болып, соған күнің түсіп келеді. Бірнәрсе деуге шама жоқ. Не де болса, тас ескерткіштей бедірейіп үндемей отыруға бекінді.

Аққұбашты таң атпай көңілізсіз ойлар иектеп алды. Соңғы жылдары сәл нәрсе шынайы шытырап шыға келетін болып жүр. Үнемі әлденелерге ызаланып, жан-жағына уын тегіп жүреді. Не десе де таскерен адам құсап мелшиіп отырып алған соң, жүргізушінің де жағы сөмді. Жынды адам құсап қашанғы өзімен-өзі сөйлессін.

Аққұбаш ақшасын төлеп таксиден түсті де, жұмысшылар автобекетінде орналасқан құрғақ тағам алатын жерге басын сұқты. Осыны күтіп тұрғандай реттеушінің автобустардың нөмірлерін хабарлаған даусы саңқылдап естіле бастады. Жүргірген Аққұбаш қасындағы серігі Сәулені көзі шалып қалды. Екі езуі екі құлағында, қасындағыларға әлдене айтып мәз болып тұр екен. «Осының-ақ таң атпай жатып, күлкі қай жерінен шығады? Жұрт ұйқысын аша алмай, есінеп тұр. Ал бұл болса, ыржаң-ыржаң...» Аққұбаш өзінің ызалана бастағанын сезді. «Жоқ, бұлай болмайды. Тез арада еңбек демалысына шықпаса болмайды екен», -деп

ойлауы мұң екен, өткен жылғы еңбек демалысында жалғыз өзі қайда барарын білмей, жұмысқа шыққанша зорға шыдағаны есіне түсіп, денесі түршігіп сала берді.

Атырауға аулына барған. Тұмаластары да бұрынғыдай емес, жат адамдар сияқты. Жолап кетсе, балаларының проблемаларын айтып, ақшаларының жетпей жатқанын тілге тиек етіп, ығырын шығарды. Одан қала берді, наұқас қарт шешесінің өзіне аяй қараған көзқарасынан қашып, қайда тығыларын білмей, әбден пұшайман күйге түсіп, «қайдан келдім» күйге түсіп, туған аулынан қашып шыққандай болды.

Кетерінде шешесінің бұрын жоқ әдет шығарып, өксіп жылағаны арқасына аяздай батты, жер бетіндегі ең аяулы адамды ырқынан тыс итеріп жібергенін де көш ұқты. Оның панасыз жас баладай, жаутаңдап қарағанын көргенде жүз жылға қартайып кетті. Бір кездегі ыстық ұясында енді бұған орын жоқ екенін, оның жат үйге айналғанын жан-дүниесімен, барлық түйсігімен сезінгені сонша, енді жақын арада бұл үйге оралмайтынын сезді. Бауырларының балалары да, ақша бергенде ғана төңіректөп, басқа кезде өз өке-шешелерін айналсоқтай береді. «Өз обалым, өзіме!»-деді пойызға аяғын салып жатып. Өзін көштен көшігіп жұртта қалған нәкәс

жолаушыдай сезінді. Пойыздың тарс-тарс еткен доңғалақтары да «өз обалың өзіңе, өз обалың өзіңе» деп мұны табалап келе жатқандай. Енді өкін не, өкінбе не! «Жау кеткен соң, қылышыңды боққа шап» дегеннің кербі киіп отырған жайы бар.

Уақыт деген мәртебелі тақсырды ұшақпен қусаң да жетерсің бе? Бір жалт етіп, адастырып кеткен жастықты қай түкпірден тауып алғандайсың. Таптырта ма? Бұдан бір мая шөптің ішінен жоғалған инені іздеп тапқан оңай болатын шығар...

Бір қарағанда шайқалақтап автобуста келе жатқанын сезді. Сәуле пакетінен өлдеқандай фирманың көкір-шүкірлерін шығарып, сатып жатыр екен. «Әй, сенде қазан қырғыш бар ма?» дейді дәу диспетчер қатын, дәл қазір қазан қырғышты сатып алмаса болмайтындай.

«Осылар-ақ боққа тоймайды екен», - деп ешкімді көргісі, ештеңені естігісі кел-

меген Аққұбаш басын терезеге бұрды. Сыртқа көз тастауы мұң екен. Мұңына мұң қосылғандай, құлазыған бедеу жазықтық жанынан бездіріп жіберді...

Көздерін тарс жұмған Аққұбаш сораптар станциясының қасына келгенде есін бір-ақ жиды. Сораптардың гүрілдеген даусы, азынаған жел, шегірткенің айғырындай айқайлаған шеберсымақ, сораптардың жанында төгілген май, қуықтай мәдени үйшік, былапытауыз жөндеуші... Жиырма жылдан бері Аққұбаштың жанын жаралап, көңіліне қаяу түсірумен келеді. Амал жоқ, көніп келеді. Көнбегенде қайда кетеді? Жаңаөзенде жұмыс дегенің қасқалдақтың қанындай қыт дүние. Екінің бірі мұнайдың төңірегін еден сыпырушы болса да жұмысқа ілінгісі келіп, Аллаға мінежат етіп жүргені анау.

Сәуле екеуі шай ішіп отырған, «ай жоқ, шай жоқ» жұмысқа келген операторы бар басқасы бар, қыз берген құдалар құсап столға дөңгеленіп отырып алды. Жиырма жыл құйған шайын Аққұбаш бүгін құйғысы келмей қасарысты да қалды. «Қатындарың банкоматқа барып, ақшаларыңды тиынына дейін санап алғанда жақсы, неге таңертең шайларыңды беріп жібермейді?» деп шаптықты. Жиырма жылдан бері Аққұбаштың тегін шайын ішіп, сынық көмпит өкеліп көрмеген арамтамақтардың бастары тасқа тиіп, есеңгіреп қалды. Сәуледе үн жоқ. Өңі оңған шүберектей боп-боз. Жапақтап жан-жағына қарай береді. Тілден қалған. Езуіндегі күлкісі де, өз ұясын тастап «байтал түгілі бас қайғы» деп қаңғып кетіпті. Отта тұрған шайнек қақпағын қақпақыл қылып ойнап қайнай бастады. Бірақ бұл күні шайнектегі шай ішілмей қалды. Сырттан шай іше алмай қалғандардың «бай да, құдай алмағанын кімнен көреді» деген күңкілдерін құлағы шалды, жүрегі шым етті. Екі көзінен аққан жас столдың үстіне тырс-тырс тамды.

«Аққұбаш!-деген Сәуленің дірілдеген даусы құлағына жетті. Құлдыңың болайын, қоя қойшы...

Аққұбаш Сәуленің де жылап отырғанын сезді. Алайда ол өзінің қазіргі жағдайына ешкімнің көмектесе алмайтынын жақсы түсінгендіктен, іші жидігендей удай ашып сала берді...

Бибігүл БӨБЕКБАЙ.



«Жыл адамы – 2017» байқауына қатысқан әріптесіміз Бұрғылау жұмыстары басқармасындағы инженерлік-технологиялық қызмет орталығының басшысы **Асылбек Айтмамбетов «Жыл мұнайшысы»** номинациясын қанжығасына байлап, әріптестерін қуантты. Асекеңді компанияға ортақ қуанышымен құттықтаймыз. Адамға не керек?! Алдымен ғұмыр керек. Ендеше, Алла Тағала өзіңізге ұзақ ғұмыр берсін! Аман жүріңіз. Аман болсаңыз, әлі талай асулардан асып, биіктерді бағындырасыңыз!



БОЛАТ – МҰНАЙШЫ-МУЗЫКАНТ



Технологиялық транспорт басқармасының көлік жүргізушісі Болат Самалаевтың өнерде өзіндік орны барын бірі білсе, бірі білмейді. Осы кезге дейін бірнеше ән жазып, облыс көлеміндегі сахналарда орындап жүрген мұнайшы-музыканттың өмірі мен шығармашылығын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Болат Самалайұлы Самалаев 1964 жыдың 5 тамызында Түпқараған ауданына қарасты Таушық ауылында дүниеге келген. Әкесі Самалай домбырашы болса, анасы Рысқал домбырамен ән салған. Жастайынан өнерге бет бұрып өскен Болаттың үш ағасы мен үш апасы да танымал өнерпаздар. Оның ішінде республикаға аты мәлім сазгер ағасы Марат Ордабаевты және белгілі сазгер Рахат Еңсегеновті ұстазым,- дейді. Болат ән жазуды кәсіп қылмаған. Көңіл қошы келгенде ғана жазып қояды. Жарнама жасауға да жаны қас. Шағын отырыстарда ғана орындайды.

Танымалдылыққа талпынбағанмен Болат өнерден қол үзген жоқ. «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының вокалды-аспаптық ансамбліне музыкант болады. Топ 2013 жылы «Дала дарындары» атты мұнайшылардың фестивалінде бас

жүлдені иеленген. Ә.Кекілбаевтың 70 жылдығына орай өткен шарада өнер көрсетсе, жуырда ғана «Маңғыстау» телеарнасындағы қазақ сазгерлерінің әндерін насихаттауға арналған Бердіхан Әлменнің авторлық жобасы «Сөз бен сазда» қонақта болып, өз өнерінен сұхбат берді. Ал бағдарламаның есеп беру концертінде оның сахнада айтқан әніне тебіренбеген жан қалмады. Ду қол шапалақ пен дүбірлі қолпаш өзін көрсете бермейтін Болат Самалайұлына көрсетілген көрерменнің зор құрметі болды.

Қан қуалап, тектен тараған өнер Болаттың балаларында да жоқ емес. Ұлымен қоса келіні де әнші. Олар да дуэт болып, ән шырқап, талайды тамсанып жүр. Өнерпаз болуды емес, адам болуды, жанұяның жағдайын жасап, ұл-қыз өсіруді, немере сүюді өмірлік ұстанымы еткен Болат Самалайұлы бүгінде ардақты әке, немерелеріне сүйікті ата болып отыр.



Бердіхан ӘЛМЕН –

«Сөз бен саз» жобасының авторы

«Болат Самалаев - өте талантты музыкант. Ол әріден келе жатқан өнерпаз әулеттің өкілі. Кезінде «Адай» тобында бас гитарада ойнаған. Нағыз өнердің бағаланған, қадірі бар кездегі саңлақтардың бірі. Көптеген әндер де жазған. Алайда оларға көп жарнама жасағанды жақтырмайды. Болат Самалайұлынан қазақ өнерінде өзіндік орны болар тамаша тундылар қалады деп есептейміз».